



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Қазақстан Президенті Ресей көшбасшысын Мемлекеттік Дума сайлауының табысты өтуімен құттықтады. Қасым-Жомарт Тоқаев дауыс беру үдерісі жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтіп, Ресей Парламентінің жаңа құрамы ел мен азаматтардың игілігі жолында жемісті қызмет атқаруына тілектестік білдірді.

Мемлекеттер басшылары екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты, сондай-ақ алдағы бірлескен іс-шаралар мен жоғары деңгейдегі байланыстар кестесін талқылады.

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТТАРЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинді тоғызыншы шақырылымдағы Мемлекеттік Дума сайлауының табысты өтуімен құттықтады.

Мемлекет басшысы аталған сайлау Ресейдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиға екенін, ал дауыс беру нәтижесі Ресейдің ұзақмерзімді мүддесін қорғауға бағытталған Владимир Путиннің стратегиялық бағдарын халық кеңінен қолдайтынына айқын дәлел болғанын атап өткен.

— Сайланған Мемлекеттік Дума депутаттары азаматтардың әл-ауқатын көтеру және Ресейдің әлемдік держава ретіндегі әлеуетін нығайту мақсатында тиімді шаралар мен шешімдер қабылдайтынына күмән жоқ, — делінген құттықтауда.

Жеделхатта Қазақстан-Ресей одақтастық қарым-қатынасының маңызды бөлігі ретінде парламентаралық ықпалдастыққа айрықша назар аударылған.

Қазақстан Президенті Құрылтай депутаттары мен Ресей парламентарийлері екі ел арасындағы сан қырлы ынтымақтастық пен стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту үшін бірлескен жұмысты белсенді жалғастыратынына сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путиннің Ресей Федерациясының өркендеуі жолындағы мемлекеттік қызметіне толайым табыс тіледі.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Армения тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай Президент Ваагн Хачатурян мен Премьер-министр Никол Пашинянға құттықтау жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы армян халқының ұлттық бірлігі мен жасампаз рухын, сондай-ақ елдің халықаралық аренадағы абырой-беделін паш ететін бұл айтулы күннің тарихи маңызы зор екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекетаралық ықпалдастық пен стратегиялық серіктестік одан әрі нығая түсетініне сенім білдірді.

— Қазақ-армян ынтымақтастығы ойдағыдай өрбіп, бірлескен күш-жігердің арқасында мән-мазмұны толығып келеді. Бұл елдеріміз арасындағы достық пен стратегиялық серіктестік рухына сай. Қазақстанның Армениямен сан қырлы байланысты күшейтуге ниетті екенін растаймын, — деп жазылған жеделхатта.

Президент Армения елі басшыларына мемлекеттік қызметте толайым табыс, ал достас армян халқына бак-береке тіледі.

КӨҢІЛ АЙТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БАӘ Вице-Президенті, Премьер-министрі, Дубай Әміршісі шейх Мұхаммед бен Рашид Әл Мактумға інісі шейх Ахмед бен Рашид Әл Мактумның қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктерінің өркендеуіне, ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға және экономикалық өсімді қамтамасыз етуге шейх Ахмед Әл Мактумның айтарлықтай үлес қосқанын атап өткен.

Қасым-Жомарт Тоқаев Әл Мактум әулетінің мүшелеріне риясыз қолдау білдіріп, осы қайғылы сәтте бекем болуға шақырды.

ЖЫЛУЫҢДЫ ЖАЗ ҚАМДА

Абай облысының жылу жүйесі сөз болғанда Семей қаласын айналып өту мүмкін емес. Өйткені облыстағы жылу инфрақұрылымының негізгі бөлігі осы шаһарға шоғырланған. Қалада 1 жылу электр орталығы мен 20 қазандық жұмыс істейді. Қазір оның 18-і алдағы маусымға толық дайын. Қалған екі қазандықтағы жұмыстарды қыркүйек айының соңына дейін аяқтау жоспарланған.



ТАЗАЛЫҚТАН БАСТАУ АЛҒАН ТАҒЫЛЫМ

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы күллі республиканы қамтыған кең көлемді қоғамдық қозғалысқа айналды. Биыл акция аясында 600-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, оған 7 миллиондай адам қатысыпты. Осы кезеңде 130 мың гектар аумақ тазартылып, 1,3 миллион түп тал егілген. Ауқымды бастаманың заңды жалғасы ретінде Дүниежүзілік тазалық күні жалпыұлттық сенбілік өтті.



19 қыркүйекте жер-жердегі мыңдаған азамат ортақ мүддеге жұмылып жұмыс істеді. Қазақстанның барлық өңірінде саябақтар, аулалар, өзен-көл жағалаулары, тарихи орындар, елді мекендердің айналасы ретке келтірілді. World Cleanup Day шенберіндегі республикалық сенбіліке 514 мыңға жуық адам атсалысты. Олардың ішінде мемлекеттік қызметшілер, еріктілер, оқушылар, студенттер, кәсіпорындар мен қоғамдық бірлестік өкілдері болды. Астана төрінде Қасым-Жомарт Тоқаев белсенді жастармен бірге Президент саябағына ағаш отырғызып, табиғатқа жана-шырлықтың өзіндік өнегесін көрсетті. Бұл көріністің салмағын жиналған коқыс көлемімен ғана өлшеу аздық

етеді. «Таза Қазақстан» акциясы 2024 жылдан бері тазалық ұғымын қоғамдық құндылық деңгейіне көтеруді көздеп келеді. Мемлекет басшысының сол күнгі сөзінен де осы бір ұстаным анық байқалады.

— Мен осындай игі іске өз үлесін қосып жүрген жастарды нағыз отаншыл азамат деп санаймын. Себебі Отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік өз үйіннен, өз ауылың мен қалаңнан бастау алады. Халқымызда «Бір тал кессен, он тал ек» деген сөз бар. Өнегелі сөз деп айтсақ, артық болмас. Табиғатты аялау, қоршаған ортаға қамқор көзбен қарау — ұлтымыздың болмысында бар асыл қасиет. Бұл — бабаларымыздың бізге қалдырған өсиеті әрі аманаты. Ал

жана Конституциямыз бойынша осы көзқарас пен іс-шаралар азаматтық міндет болып саналады. Сондықтан біз жаппай бір ел болып бастаған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасының қоғамдық және тарихи мәні айрықша. Біз экологиялық мәдениеті жоғары ел болуымыз керек. Тағы да атап өтейін: бұл — мемлекетіміздің Конституциясында айқындалған аса маңызды міндет. «Таза Қазақстан» — жарқын болашағымыздың кепілі. Бұл — жай ғана ұран емес, бұл — шын мәнінде, еліміздің тазалығы өркеніетті болашаққа апаратын даңғыл жол деген сөз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

САУ ҰЛТТЫҢ ҰСТЫНЫ – «АҚЫЛДЫ» МЕДИЦИНА

Жаңа міндеттер медициналық қызмет көрсету үдерісін заманауи талаптарға сай түбегейлі жаңғыртуға серпін берді. Мәселен, денсаулық сақтау саласындағы бытыраңқы ақпараттық жүйелерді біріктіру арқылы сапалы өзгерістерге қол жеткізу көзделді. Ұзақ жылдар бойы қатар, тіпті бір-бірімен бақталастықта жұмыс істеп келген сан алуан жүйе ақпарат алмасуды қиындатып келген-тін.



АЗИЯДА АЛАМАНЫ СӘТТІ БАСТАЛДЫ

Биылғы Азия ойындарында құрлықтың 45 елінен 11 мыңға жуық атлет 469 медаль жиынтығын сарапқа салады. Сондай-ақ биыл алғаш рет босқындар командасы да жүлде үшін таласқа қосылды. Қазақстан да Аичи-Нагоя төріне үлкен құраммен аттанды. Ашылу салтанатындағы спортшылар шеруінде еліміздің көк Туын Париж Олимпиадасының чемпионы Елдос Сметов пен үстел теннисінен ұлттық құрама спортшысы Сарвиноз Миркадинова алып шықты. Салтанатты рәсім аяқталған соң бар назар жарыс алаңдарына ауды. Қазақстан құрамасы үшін алғашқы жарыс күндері сәтті басталып, көк Ту бірнеше мәрте биікке көтерілді.

ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНІ

22 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ



ТАЗАЛЫҚТАН БАСТАУ АЛҒАН ТАҒЫЛЫМ



(Басы 1-бетте)

А Еркебұлан НҮРЕКЕШ

Президент сөзінің астарынан акцияның түпкі мәнін түсінеміз. Мәселе бір-ақ күн көше сыпырып, қоқыс тасумен шешілмейді. Тазалық адамның болмысымен біте қайнаскан мінез-құлық нормасына айналса ғана нәтиже баянды болады. Осы тұрғыдан қарағанда «Таза Қазақстан» жобасы мемлекет пен қоғамның жауапкершілігін бір арнаға тоғыстырып отыр.

Биылғы көрсеткіштер де бастаманың ауқымын анық аңғартады. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегіне сүйенсек, «Таза Қазақстан» акциясы басталғаннан бергі уақытта қыруар шаруа тындырылған. Ұзын саны 2 мыңнан аса экологиялық іс-шара өткізіліп, 3,8 млн тонна қоқыс жиналған, 10 мыңға жуық қоқыс орны жойылған. Мұндай орасан көрсеткіштер жобаның уақытша науқанмен шектелмей, тұрақты сипат алғанын дәлелдейді.

ӘР ӨНІРДІҢ ӨЗ МӘСЕЛЕСІ БАР

Әрине, еліміздің табиғи-жағрапиялық жағдайы әрқелкі болғандықтан, әр өңірдегі міндет те бірдей емес. Оңтүстікте су арналары мен арық жүйесін сақтау, тарихи-мәдени орындар мен жасыл желекті қорғау айрықша маңызды. Ал Батыста Жайық пен Каспий жағалауын күтіп ұстау — өз алдына өзекті міндет. Шығыста орман-тау экологиясына, Орталықта өнеркәсіптік қалаларға, өндірістік аумақтарға баса назар аударылады. Осы ерекшеліктер жалпыұлттық бастаманың ауқымын кеңейте түседі.

Мысалы, Астанадағы экологиялық акцияға 150 мыңға тарта тұрғын қатысты. Кәсіпорындар мен коммуналдық қызмет мамандары, шағын және орта бизнес өкілдері, мемлекеттік органдар, жастар мен еріктілер бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай бірлесе қимылдады. Қала бойынша 6 мыңдай көшет егіліп, 1,5 мың тоннадай қоқыс шығарылды. Президент саябағында, ЕХРО аумағында, «Мыңжылдық» пен Green Line аллеяларында, Ұлы дала және Қабанбай батыр даңғылдары бойында, Кенесары көшесінде, тағы басқа жерлерде көгалдандыру жұмыстары жүргізілді.

Елорда әкімдігінің мәліметінше, кейінгі жылдары қалада 500-ге жуық аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылған, жыл соңына дейін тағы осындай 170 орындар жөнге келтіру жоспарланған.

Түркістан облысында тұрғындар «Өзінен баста» челленджі аясында көшелерді, халық көп жиналатын орындарды, тарихи нысандардың айналасын тазартты. Келес, Отырар аудандарында волонтерлер белсенділік танытса, Шымкентте экологиялық қозғалыс «Жасыл шаһар» бағытымен сабақтасып, Бадам, Қошқарата өзендерінің жағалауы, саябақтар, қоғамдық кеңістіктер реттелді. Дендропарк пен «Тәуелсіздік» саябағында ағаштар егіліп, арықтар аршылды. Әсіресе күзгі жауын-шашынға дейін арықтарды тазалау шаһардың инфрақұрылымы үшін пайдалы.

Жамбыл облысында саябақтарға, «Көне Тараз» тарихи-мәдени кешеніне көп көңіл бөлінді. Өңірде жалпы ұзындығы 15 шақырым арық пен канал

тазартылып, 350 тонна құл-қоқыс шығарылды.

Қызылордада Сырдария жағалауын жақсарту, елді мекендер төңірегіндегі жасыл белдеуді күшейту, сексеуіл секілді жергілікті климатқа бейім көшеттерді күту мемлекеттің шөлейттенуге қарсы жұмыстарын ілгері жылжытты. Сексеуілдің топырақты бекітіп, жел эрозиясын тежеудегі рөлі Сыр өңіріндегі көгалдандыру жобаларының қаншалықты маңызды екенін айғақтайды.

Атырауда Жайық өзенінің, Маңғыстауда Каспий теңізінің жағалауы, БҚО-да Жайық пен Шаған өзендерінің маны, Ақтөбеде Елек, Қарғалы өзендерінің өн бойы тазартылды. Заңсыз қоқыс орындары да назардан тыс қалмады. Ақтөбеде жастардың экологиялық белсенділігі спортпен ұштасып, жүгіріп жүріп қоқыс жинайтын Eco-Plogging шаралары ұйымдастырылды.

ШҚО, Абай облыстарында таулы-орманды аумақтар, өзен жағалаулары, тарихи орындарға жете мән берілді. Өскемен, Риддер, Алтай қалаларының маңында туристік демалыс орындары тазартылып, Ертіс, Үлбі өзендерінің жағалауында табиғат жанашырлары бел жазбай еңбек етті. Абай облысында экobelсенділер Семей мен Жидебайдағы тарихи-мәдени орындардың айналасын коқыстан арылтты.



Алматы, Жетісу облыстарында туристік жүктемесі жоғары аумақтарға ден қойылып, ұлттық парктардан қалдықтарды шығару, табиғи аумақтардың тазалығын сақтау қолға алынды. Жетісу өңіріндегі бүкіл елді мекенде қоғамдық кеңістіктерді тазалау, ағаштарды күту, көгалдандыру жұмыстары қатар жүрді. Алматы облысындағы акцияларға ондаған мың азамат тартылып, Қонаев қаласында алма көшеттері отырғызылды. Ақмола облысында су айдындары мен өзен-көл жағалаулары басты назарда болды. Целиноград ауданындағы Шалқар ауылдық округінде көпір маңы мен өзен жағалауы тазартылса, Егіндікөл, Оразак ауылдарында тұрғындар өз елді мекендерін сыпырып-сиырды.

Қарағанды, Теміртау, Балқаш, Жезқазған қалаларындағы кәсіпорын



жұымдары да науқанның көрігін қыздырды.

Қостанай мен Солтүстік Қазақстанда Тобыл, Есіл өзендерінің, Павлодарда Ертіс жағалауының, өндірістік аумақтар жанындағы жасыл желектердің екінші тынысы ашылды.

Ұлытау өңірінде Жошы хан мен Алаша хан секілді тарихи орындардың жан-жағы мұқият тазартылды.

Осы мысалдардың өзі «Таза Қазақстан» жобасының барлық жерде өзіндік сипатта жүзеге асқанын көрсетеді. Өңірдің табиғаты қандай болса, эко-

тиіс. Егілген көшет көктеді ме, саябақ қайтадан ластанбады ма, заңсыз үйінділер тағы пайда болмады ма деген сұрақтарға да лайықты жауап табылуы керек. Бір мың көшет отырғызу бір бөлек те, сол көшеттердің бірнеше жылдан кейінгі жай-күйін қадағалау — өзінше бөлек мәселе. Ендеше бастаманың келесі кезеңі саннан сапаға қарай ойысса игі.

Президент ұсынған тазалықтың ұлттық стандарты осы қажеттілікпен үндеседі. Аталмыш құжат тазалау һәм абаттандыру жайындағы талаптарды біріздендіріп, нақты бағаланатын индикатор қалыптастыруға, жауапкершілікті нақтылауға септігін тигізеді. Ұлттық стандартта көше, аула тазалығы, қоқыс контейнерлерінің қолжетімділігі, қалдықтарды сұрыптау, көгалдандыру сапасы, көшеттердің жерсінуі, арық-дренаж жүйелерінің ахуалы, қоғамдық орындардың санитариялық жағдайы, тұрғындардың шағымдарына жауап беру жылдамдығы сияқты өлшемдер қамтылуы мүмкін.

ТАЗАЛЫҚ КЕПІЛІ — ТӘРТІП

Тазалықтың қоғамдық мәдениетке айналуы жастардың белсенділігіне тікелей тәуелді. Осы орайда 19 қыркүйек

волонтерлер жылын белгілеу туралы бастама көтердім. Бұл ұсынысымды әлем елдерінің барлығы дерлік қолдап, 2026 жыл Халықаралық волонтерлер жылы болып жарияланды. Бұл жыл сіздерге арналды. Бұдан бөлек, Қазақстан — волонтерлік қызметті ең жоғары заң деңгейінде, яғни Конституцияда бекіткен санаулы мемлекеттердің бірі. Осы орайда еліміздегі және шетелдегі барша еріктілерді шын жүректен құттықтаймын! — деді Президент.

Мамандардың пікірінше, «Таза Қазақстан» жобасының экономикалық қайтарымы да көп күттірмейді. Тап-тұйнақтай тазалық тұрғындардың күнделікті өміріне, қаланың тартымдылығына, туризмге және инвестициялық ортаға әсер етеді. Бірақ жұмыс сапасы сырт көзге ұнаумен емес, адамның өз қаласында, өз ауылында жайлы ғұмыр кешуімен өлшенеді. Азаматтар саябақта өзін қауіпсіз сезінсе, балалар таза аулада ойнаса, өзен жағалауында бейберекет қоқыс шашылып жатпаса, экологиялық саясаттың нақты нәтижесі де сол болар еді.

Президент 19 қыркүйекте қоғамдық кеңістікті бүлдіретін рұқсатсыз граффитиге қатысты мәселе көтеріп, Астана әкіміне ғимарат қабырғаларына заңсыз сурет салатындарға қарсы қатаң шара қолдануды тапсырды. Демек, қоғамдық орынды бүлдірмеу, белгіленген тәртіпті сақтау, мәдени мұраны қадірлеу де «Таза Қазақстанның» бір бөлігі болса керек.

СЕНБІЛІКТЕН СОҢ

Айтпақшы, Мемлекет басшысы шетелдік қонақтардың Қазақстан қалаларына берген бағасын да тілге тиек қылды.

— Жақында Астана мен Алматыға Американың белгілі конгрессмендері келді. Олар көшелердің тазалығы мен жинақылығына таңғалып, қаланы басқару деңгейі мен сапасына жоғары баға берді. Әлеуметтік желілерде ірі қалаларымыздың келбетіне тәнті болған шетелдік қонақтар мен туристердің бейнежазбаларын жиі байқаймыз. Көрікті қоғамдық кеңістіктер, қауіпсіздік пен жайлылық шетелде Қазақстанға қатысты оң пікір қалыптастырады. Бұл, әрине, қуантарлық жайт. Дегенмен біз имидж үшін жұмыс істемей, азаматтарымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартуды ойлауымыз керек. Басты мақсат — осы. Еліміздегі жетістіктер халқымыздың патриоттық сезімін оятады. Өз елін мактан тұтып, туған жерге пайдасын тигізуге үндейді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Рас, «Таза Қазақстанның» нәтижесі тазартылған гектардан, жиналған тоннадан, отырғызылған көшеттен көрінеді. Бірақ жобаның ең маңызды мәні адамның өз ауласына, өз көшесіне, өз қаласына, өз даласына деген көзқарасына байланысты. Тазалық әдетке, жауапкершілік мінезге, табиғатқа жанашырлық күнделікті мәдениетке айналса ғана бүгінгі ересен еңбек ұзақмерзімді нәтижеге ұласады.

Сенбілік халықты бір күнге ғана біріктірген жоқ. Жобаның жалғасы өлі алда. Бүгін егілген тал ертең көленке беруі үшін оған күтім керек. Тазартылған жағалау қайта ластанбауы үшін тәртіп керек. Жойылған заңсыз қоқыс орны қайта пайда болмауы үшін жіті бақылау керек.

Сондықтан «Таза Қазақстанның» келесі кезеңі сенбілік саныммен емес, санадағы өзгеріспен өлшенбек. Мемлекет тазалыққа жағдай жасаса, азамат оны сақтауға тиіс. Әкімдік саябақ салса, тұрғындар оны қорғауға тиіс. Осындай өзара жауапкершілік орныққанда ғана сенбіліктегі серпіліс былайғы өмірде жалғасын табады.

САННАН — САПАҒА

Тазалықтың келесі сатысы — нәтижені бақылау. Қазақстанда заңсыз қоқыс орындарын анықтауға ғарыштық мониторинг жасалады. Экология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегінше, 2026 жылы ғарыштық суреттер арқылы мыңдаған заңсыз қоқыс орны анықталып, қыркүйек айының ортасына қарай олардың 83 пайызы жойылған. Бұл тәсіл мәселені біркүндік акция шеңберінен шығарып, аумақтарды тұрақты бақылауға көмектеседі.

Сондай-ақ нәтиже тек жиналған қоқыс тонналарымен өлшенбеуге



ҚҰРЫЛТАЙ ДЕПУТАТТАРЫ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ



Ұлттық музей тұсындағы аллеяға қарағаш пен сібір шыршасының 150 түп көшеті егілді. Шәмші Қалдаяқов көшесі бойындағы аумақты көгалдандыру жұмысына Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебай бастаған депутаттар қатысты.

Құрылтай Спикері Мемлекет басшысы бастамашылық еткен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы елімізді абаттандыру мен көгалдандыруға ғана емес, сонымен қатар әр адамның жеке жауапкершілігін қалыптастыруға, қоғамдық кеңістікке және қоршаған ортаға құрметпен қарауға бағытталғанын атап өтті.

— Президент тазалықты сақтау және табиғатты аялау күнделікті мәдениетіміздің ажырамас бөлігіне айналуға тиіс екенін бірнеше рет атап өтті. «Таза Қазақстан» акциясы осыған бағытталып отыр. Бүгін біз елорда тұрғындарымен бірге аллеяға ағаш ектік. Бірер жыл өткен соң бұл ағаштар Астананың ажарын ашып, ортақ еңбегімізді еске салып тұрады. Игі іске өз үлесімізді қосып, қала мен елге деген қамқорлық әрқайсымыздан басталатынын көрсету — біз үшін аса маңызды, — деді Айбек Дәдебай.

Бұл — Құрылтай депутаттарының заң шығарушы орган қабырғасынан тыс жерде өткізген алғашқы бірлескен экологиялық акциясы. Ағаш егу жұмысына Елдос Баялышбаев пен Захира Бегалиева қатысты. Депутаттар қолжетімді қалалық орта ерекше қажеттілігі бар адамдарға да өзгелермен тең дәрежеде қоғамдық өмірге араласуға мүмкіндік беруі қажет екенін атап өтті.

— Біз алғаш рет әріптестерімізбен бірге осындай акцияға қатысып отырмыз. Бұл — елорданы абаттандыруға өз үлесімізді қосып қана қоймай, әр адамның қала өміріне атсалысуына жағдай жасаудың қаншалықты маңызды екенін көрсету мүмкіндігі. Кедергісіз орта барлық тұрғын өзін жайлы сезініп, ортақ іске тең дәрежеде қатыса алатын қолжетімді қоғамдық кеңістіктерден басталады, — деді Елдос Баялышбаев.

Өз кезегінде, депутат Захира Бегалиева инклюзия — қоғамға пайдалы болуға мүмкіндік беретін орта екенін атап өтті.

— Дәл осындай бірлескен бастамалар шынайы ауызбіршілік сезімін қалыптастырады. Біз өз қолымызбен қала болашағына үлес қосып, туған жерге шынайы қамқорлық таныту мүмкіндігі әр адамға қолжетімді екенін жеке үлгі арқылы көрсеткен кезде, кез келген әлеуметтік шекараны жоямыз, — деді ол.

«Таза Қазақстан» акциясы 2024 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынды. Ол Конституциямызда бекітілген экологиялық құндылықтар төңірегінде өртүрлі буын өкілін біріктіреді. Жоба аясында ел аумағындағы елді мекендерде санитарлық тазалық, абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізілуде.

ПӘРМЕН

ҮКІМЕТ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов Президенттің «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында берген тапсырмаларын жүзеге асыру мәселелері жөнінде кеңес өткізді.



«Мемлекет басшысы атап өткендей, еліміз ауқымды өзгерістер дәуіріне қадам басты. Жана Конституция Озық Қазақстанды одан әрі дамытуда жана мүмкіндіктерге жол ашады. Қазірдің өзінде барлық салада ауқымды реформалар жүзеге асырылып жатыр. Жуырда ғана Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Үкімет алдына азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету, жоғары экологиялық мәдениет қалыптастыру, қалалық және республикалық маңызы бар жолдардың сапасын ең жоғары деңгейде қамтамасыз ету, сондай-ақ Астана қаласының Урбанистика орталығының тәжірибесін кенінен тарату мәселелеріне қатысты бірқатар міндет қойды», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Премьер-министр Президент тапсырмаларын тиісті бағыттар бойынша орындауға қатысты министрліктердің баяндамаларын тыңдады. Алдымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаев азаматтарға әлеуметтік көмек пен жеңілдіктер көрсету мәселесі бойынша баяндама жасады. Ведомство мәліметіне сәйкес, бірінші кезең «шын мәнінде мұқтаж азаматтарға көмек көрсетілуіне тиіс» қағидатына негізделген және 36 төлемнің 14 түрін қамтитын мемлекеттік қолдаудың атаулы моделіне көшу үшін нормативтік база қалыптастыруды көздейді. Екінші кезеңде жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік көмектің 13 түрі мұқаждық деңгейіне қарай 4 түрге біріктіріледі. 2027 жылдың басынан бастап ардагерлерге мұқаждық қағидаты негізінде мемлекеттік қолдауды атаулы түрде көрсету жөніндегі ұсыныстар айтылды.

Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнарарова денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктер жүйесін жетілдіру шаралары туралы баяндама жасады. Балаларға арналған қолданыстағы әлеуметтік кепілдіктер туралы оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова баяндады. 1-4 сыныптардағы 1,4 млн оқушы мектеп тамағымен қамтылды, сондай-ақ ол 5-11 сыныптарда оқитын әлеуметтік осал санаттағы 230 мың бала үшін де қарастырылды. Бұл мақсаттарға 2026 жылы 210 млрд теңге қарастырылған. Ашықтықты арттыру үшін тамақтану есебі «Әлеуметтік әмиян» жүйесімен біріктірілген: автоматтандырылған жүйе әр оқушының тамақтану фактісін, күнін және уақытын тіркейді.

Президенттің тазалықтың ұлттық стандартын әзірлеу жөніндегі тапсырмасы аясында Экология және табиғи ресурстар министрі Әлібек Қуантыров оны қалыптастыру тәсілдерін таныстырды. Ұлттық стандартты бес тақырыптық бағыттан тұратын жүйе ретінде қалыптастыру ұсынылып отыр, олар — экологиялық ағарту, экологиялық волонтерлік, елді мекендердің тазалығы мен абаттандырылуы, оларды көгалдандыру, сондай-ақ табиғи аумақтардың тазалығы. Әрбір бағытты әзірлеуге және енгізуге тиісті мемлекеттік

орган жауапты болады, жалпы үйлестіруді Үкімет деңгейінде жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Мәдениет және ақпарат министрі Арман Қырықбаев экологиялық мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмыстар бірнеше бағыт бойынша жүргізіліп жатқанын баяндады, олар — ақпараттық сүйемелдеу, жастар мен еріктілерді тарту, азаматтық бастамаларды қолдау және қоғамдық қатысуды дамыту. 2026 жылдың басынан бері экологиялық акцияларға 2 млн-ға жуық жас қатысты, 2 мыңнан астам жастар іс-шарасы өткізілді. Мемлекеттік қолдаумен ҰЕҰ-ның 60-қа жуық әлеуметтік жобасы, оның ішінде 34 экологиялық бағыттағы жоба жүзеге асуда. Бүгінде 3 қалада мамандандырылған эко-хабарт жұмыс істейді.

Вандализм мен қоғамдық кеңістіктердің бүлінуіне жол бермеу шаралары бөлек қарастырылды. ІІМ вандализм фактілерінің жолын кесу бойынша шаралар қабылдауда. Мәдени мұра ескерткіштері мен табиғи нысандарды бүлдіргені үшін 11 қылмыстық іс тергелді. Еріктілермен бірлесіп есірткі граффиті деп аталатын 80 мың сурет пен жазу өшірілді. Есірткіні насихаттағаны және жарнамалағаны үшін 81 қылмыстық іс қозғалды, 19 адам сотталды. «Есірткіге жол жоқ» цифрлық сервисі аясында азаматтар полицияға 150 құқықбұзушылық фактісі туралы хабарлады. Сондай-ақ нысандарға жедел басқару орталығының бейнебақылау камералары арқылы мониторинг жүргізіледі.

Президенттің жоғары сапалы құрылысты қамтамасыз ету саласындағы тапсырмаларын орындау жөніндегі шаралар туралы Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев баяндады. Әлеуметтік инфрақұрылымның ауқымды құрылысы аумақтарды кешенді дамыту қағидаты негізінде жүзеге асырылатын болады. Бұзушылықтардың ерте сатысында алдын алуға баса назар аударма отырып, мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы күшейтілді. Жыл басынан жоспарлау, жобалау және құрылыс процестеріне цифрлық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін бірнұңғай құрылыс порталы қолданысқа енгізілді. Жобаларды сараптау сатысында ЖИ құралдарын енгізу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Көлік министрі Нұрлан Сауранбаев жол инфрақұрылымының жай-күйі және сапаны одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы баяндады. Министрліктің мәліметінше, республикалық маңызы бар жолдардың 94%-ы, облыстық және аудандық жолдардың 91%-ы талаптарға сәйкес келеді. 71-ді мекендердің көшелері бойынша бұл көрсеткіш 71%-ды құрайды. Бұл ретте жол желісінің жай-күйі бойынша келіп түскен өтініштердің шамамен 58%-ы жергілікті жолдарға, оның ішінде 47%-ы елді мекендердің көшелеріне тиесілі.

Жиын соңында Үкімет басшысы ведомство басшыларына нақты тапсырмалар жүктеп, жұмыстарды үйлестіруді Премьер-министрдің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаевқа тапсырды.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Қарағанды облысында «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында іс-шаралар өтуде. Жақында өткен өңірдің 15 мың студенті қатысқан Қарағанды облысы прокуратурасы мен әкімдіктің бірлесіп ұйымдастыруымен, экономикалық тергеу және полиция департаменттерінің қатысуымен оқу жылының басталуына арналған «Жастар – Заң мен тәртіптің тірегі» атты форум да соның бірі.

ЖАСТАР ІСІН ЖҮЙЕЛЕГЕН КЕЗЕҢ



Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Форум жұмысына облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыс прокуроры Мұрат Тілеубердиев, Ішкі істер министрлігінің комитет төрағасы Арман Саданов, Бас прокуратураның Қадрлық жұмыс департаментінің бастығы Аида Ануар, Экономикалық тергеу департаментінің бастығы Дархан Құрақбаев, сондай-ақ жастар ұйымдарының өкілдері мен қоғам қайраткерлері қатысты.

Форум аясында жас жеткіншектерге есірткі саудасынан, интернет-алаықтан және дропперліктен ақша таппақ болған өз құрдастарының қылмыстық жауапкершілікке тартылған нақты оқиғалары көрсетілді. Соңғы бес жылда Қазақстанда осындай қылмыстар жасағаны үшін 21 жасқа толмаған 800 адам сотталған.

Іс-шара «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын насихаттау аясында өткізіліп, жастардың құқықтық мәдениетін көтеруге, құқықбұзушылықтың алдын алуға және қабылданатын шешімдерге деген жауаптылық сезімін қалыптастыруға бағытталған.

Форум жоғары және арнайы орта оқу орындарының 15 мыңнан астам студенттерін біріктірді (офлайн және онлайн форматта).

Форумның басты тақырыптарының бірі — қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілік. Сонымен қатар студенттерге құқықтық сауаттылықты арттыру, есірткі қылмыстарының, алаяқтық пен киберқылмыстың алдын алу мәселелері түсіндірілді.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жастардың құқықтық санасын қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды.

— Бүгінде жастардың көзқарасы мен мінез-құлқының қалыптасуына цифрлық орта, әсіресе әлеуметтік желілер барған сайын көбірек ықпал етіп келеді. Бұған жасөспірімдер айрықша бейім: тез ақша табуға деген ұмтылыс кейде оларды өрескел қателіктерге, тіпті қылмысқа дейін жетелейді. Сондықтан Мемлекет басшысы атап өткендей, біздің міндетіміз — жас ұрпақпен жауапкершілік, адалдық және занды құрметтеу туралы олар түсінетін тілде әрі заманауи форматта сөйлесу, — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Қылмыстың интернет кеңістігіне барған сайын белсенді түрде ауысуы туралы облыс прокуроры Мұрат Тілеубердиев те айтты. Оның сөзіне, құқық қорғау органдарына мұндай қылмыстармен күресудің жана тәсілдерін менгеріп, жұмыс әдістерін жетілдіруге тура

келеді. Ал жас мамандар бұл іске тың идеялар мен жана көзқарас әкеле алады.

— Қылмыстық орта ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін өз мақсатына пайдаланып отыр. Алаяқтық жасау, есірткі сату сияқты қылмыстар интернет кеңістігіне ауысты. Құқық қорғау органдары өз жұмысын қайта қарап, қылмыстарды ашудың жана әдістерін әзірлеп жатыр. Бұл ретте тың көзқарас пен жаңашыл тәсілдің маңызы орасан. Шығармашылық ойлау, зеректік, жана шешімдер таба білу — жастарға тән қасиеттер. Сондықтан сіздерге артылар үміт зор, — деді Мұрат Тілеубердиев.

Сонымен бірге форумда тек тыйым мен жаза туралы ғана сөз болған жоқ. Студенттерге жастардың түрлі дағдысын дамытуға, жұмыс іздеуге және өз бастамаларын жүзеге асыруға көмектесетін NextUraq, Jas Fund және «Өзіңнен баста» жобалары таныстырылды.

— Мұндай форумдар қажет, өйткені олар жастар мен билік өкілдері арасында тікелей диалог орнатуға мүмкіндік береді. Біз үшін бір-бірімізді тыңдау ғана емес, жастардың пікірі шын мәнінде маңызды екенін түсіну де қажет. Біз — еліміздің болашағын қалыптастыратын келесі ұрпақпыз. Сондықтан жауапты шешім қабылдауды бүгіннен бастап үйренуіміз керек. Жастармен заң, тәртіп және жауапкершілік туралы сөйлесу аса маңызды. Заң біз оны өзіміз құрметтеп, сақтаған кезде ғана толыққанды жұмыс істейді, — дейді Қарағанды медицина университетінің студенті Шапағат Құрманғазықызы.

Форум аясында Қарағанды ұлттық университетінің заң факультетінде болашақ прокурор аудиториясы ашылды.

Мұнда «Прокурорлық қадағалау» пәні бойынша сабақтар прокуратураның қазіргі қызметкерлерінің қатысуымен өтеді.

Форум ашық әрі интерактивті форматта ұйымдастырылды. Студенттер түрлі ойынға, ашық пікірталастар мен панельдік кездесулерге қатысып, сарапшыларға сұрақ қойды, нақты жағдайларды талқылап, өз шешімдерін ұсынды.

Форум барысында қоғамдық өмірге белсенді араласқаны, азаматтық ұстанымы, заң мен тәртіп қағидаттарын құрметтегені үшін бірқатар жасқа облыс әкімі мен прокурорының алғыс хаттары табысталды.

Сондай-ақ балаларын лайықты тәрбиелеп, елдің жауапты азаматтарын қалыптастыруға үлес қосқан ата-аналарға да алғыс білдірілді.



АЛЛЕЯ 70-КЕ ЖУЫҚ КӨШЕТПЕН ТОЛЫҚТЫ

«Әділет» партиясы Орталық аппаратының өкілдері мен белсенділері, партия фракциясының мүшелері «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына қатысты. «Мыңжылдық» аллеясында партия мүшелері аумақты абаттандыру және көгалдандыру жұмыстарын жүргізіп, 70-ке жуық жеке көшетін отырғызды.

Акцияға «Әділет» партиясының Төрағасы Айбек Дәдебай қатысып, қоршаған ортаны қорғау әр адамның нақты ісінен басталатынын атап өтті. Оның айтуынша, «Таза Қазақстан» бастамасы калалар мен елді мекендерді таза ұстау және абаттандыру ісіне қоғамның ортақ жауапкершілігін арттыруға бағытталған. «Таза Қазақстан» бастамасы «Әділет» партиясының сайлауалды бағдарламасында да жеке бағыт ретінде қарастырылған. Онда табиғи ресурстарды сақтау, қалдықтарды қайта өңдеуді дамыту, орман алқаптарын кеңейту және азаматтарды экологиялық бастамаларға тарту мәселелеріне басымдық берілген.

Партия Төрағасының орынбасары Ержан Жылыкбаевтың сөзінше, «Таза Қазақстан» қандағтары нақты іспен жалғасуы керек. — Біз үшін Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы нақты нәтижеге ұласуы маңызды. Сондықтан экологиялық бағыт партияның бағдарламасында арнайы орын алады. Әңгіме тек сенбілік өткізу мен көгалдандыру туралы емес. Бұл — ауа мен судың жағдайы, қалдықтарды басқару, табиғи ресурстарды сақтау және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау сияқты кең ауқымды мәселелер. Мұндай міндеттерді жүйелі түрде атқарып, оған азаматтардың белсенді қатысуы қажет. Сонда қоршаған

ортаға қамқорлық жай ғана іс-шаралармен шектелмей, күнделікті өмір салтының бір бөлігіне айналады, — деді ол.

Партия бағдарламасында қоршаған ортаны қорғауға бағытталған бірқатар шара қарастырылған. Атап айтқанда, кәсіп-орындардан ауаға тарайтын зиянды заттарды автоматты түрде бақылау, су ресурстары мен қалдықтардың есебін цифрландыру, қоқысты бөлек жинау жүйесін дамыту және ауа сапасын бақылау жүйесін жаңғырту ұсынылады. Сонымен қатар жастардың экологиялық жобалар мен волонтерлік қозғалысқа қатысуына ерекше мән берілген.

Экологиялық шараға партия жастар қанатының өкілдері де қатысты. Олар партия мүшелерімен бірге аумақты абаттандыру және ағаш отырғызу жұмыстарына атсалысты.

— Жастар экологиялық мәселелерден шет қалмауы керек. Оларды осындай бастамаларға жиі қатысуға шақырамын. Себебі бұл қаламыз үшін пайдалы іс атқарудың қарапайым әрі түсінікті жолы, — деді партияның «Жастар Рухы» жастар қанатының өкілі Жансая Қуанышбекова.

«Әділет» партиясы «Таза Қазақстан» бастамасы аясындағы жұмыстарды алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастыруға дайын.

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Талдықорғанда «Әділет» партиясы Жетісу облыстық филиалы балаларға арналған мәдени-рухани шара ұйымдастырды. Онда «Айналайын» балаларды қолдау орталығының тәрбиеленушілері мен аз қамтылған отбасылардың балалары «Алтай – Атырау» қойылымын тамашалады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ұрпақ тәрбиесі ел тағдырына тікелей әсер ететін аса маңызды міндет. Осы орайда партия филиалы ұйытқы болған мәдени бастама балалардың шығармашылыққа және ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттырды.

Бұл қойылымды белгілі театр және кино актері Кендебай Темірбайұлы жетекшілік ететін «Жас актер» жастар театры ұсынды. Мұндағы басты мақсат — балалардың ұлттық өнер мен мәдениетке деген қызығушылығын арттыру, ұрпақ тәрбиесіне қоғам назарын аудару.

— Осындай игі бастамаға атсалысқан барша азаматқа алғысымды білдіремін.

Балалардың қуанышын бөлісіп, олардың рухани дамуына үлес қосу — баршамызға ортақ міндет, — деді «Әділет» партиясы Жетісу облыстық филиалының басшысы Амангелді Есбай.

Театр ұжымының айтуынша, мұндай кездесулер балалар үшін аса маңызды. Себебі театр сахнасында адамгершілік, отансүйгіштік, мейірімділік және жауапкершілік сынды қастерлі құндылықтар дәріптеледі. Қойылым соңында жиынға қатысқан 250 балаға балмұздақ таратылды. Бұл игі іске партия филиалы жанындағы Әйелдер қанатының мүшесі Римма Салыкова қолдау көрсетті.



АТА-АНАЛАР ТІЛЕГІН ТЫҢДАДЫ

«Әділет» партиясының ұйымдастыруымен балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша бірыңғай тақырыптық қоғамдық қабылдау еліміздің барлық өңірінде өтті. Осы республикалық форматтағы қабылдау Қызылорда облысында да ұйымдастырылып, тұрғындар балалардың денсаулығы, қауіпсіздігі, әлеуметтік қолдауы мен құқықтарын қамтамасыз етуге қатысты өтініш-тілектерін білдірді.



«Қазақстан балалары» ұлттық бағдарламасы аясында өткен қабылдауда азаматтармен кездесуге «Әділет» партиясы облыстық филиалының төрағасы Жандос Базартай, мемлекеттік органдардың, мәслихаттың, құқық қорғау және әлеуметтік саланың өкілдері, бала құқықтары жөніндегі уәкілдер, жангерлер, партияның Әйелдер қанаты мен жастар мәселелері жөніндегі кеңесінің өкілдері қатысты.

— Баланың мәселесі — бір отбасының ғана мәселесі емес. Ол білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және құқықтық қауіпсіздік салаларымен тікелей байланысты. Сондықтан қоғамдық қабылдаудың мәні — азаматты тыңдаумен шектелмей, көтерілген мәселенің шешілу жолын бірге қарастыру. Әр өтініш нақты жұмысқа ұласуы керек, — деді Жандос Базартай.

Қабылдау барысында азаматтар балаларға көрсетілетін медициналық және оңалту қызметтерінің қолжетімділігі, ерекше қажеттіліктері бар балаларға қажетті көмекті ерте кезеңде ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс тәртібі, балаларға арналған әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және құқықтық мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстарын айтты.

Қызылорда қаласының тұрғыны Айжан Смағұлова церебральды сал ауруы бар ерекше баланың анасы ретінде тәртү жылдан бері осы науқаспен ауыратын балаларға үздіксіз оңалту қызметін ұйымдастырып келетінін, сондай-ақ өзге аналармен бірлесіп, Астана қаласынан тәжірибелі реабилитолог мамандарды шақырып, олардың барлық шығынын өздері қамтамасыз ететінін алағ тартты.


Қазір кәсіпкердің қолдауымен 160 шаршы метрлік ғимаратты тегін пайдалануға алғанын, алайда ғимаратты балалардың оңалтуына қолайлы жағдайға келтіру үшін қабырғаларын әктеу және жеңіл жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет екенін айтып, осыған байланысты аталған жөндеу жұмыстарына қолдау көрсетуді және демеушілер мен қайырымды кәсіпкерлерді тартуға ықпал етуді сұрады.

Тұрғынға қайырымдылық көмек көрсету жолдары қарастырылатынын түсіндіріліп, құзырлы мекемелермен бірлесіп, өтінішті оңтайлы шешу жолдары зерттелетіні айтылды. Сондай-ақ партия жанынан құрылған Жастар мәселелері жөніндегі кеңестің төрағасы тегін жангерлік көмекке дайын екенін, алдағы уақытта көтерілген мәселелердің оң шешілуіне ықпал жасайтынын білдірді.

Қатысушылардың ұсыныстары балаларға қажетті көмекті уақытылы көрсету, ата-аналарға қолдау тетіктерін жетілдіру және өңірлердегі тиісті қызметтердің қолжетімділігін арттыру қажеттігі тұрғысынан қаралды. Қоғамдық қабылдау қорытындысында азаматтардың өтініштері жинақталып, оларды құзырлы мемлекеттік органдармен бірлесіп қарау және шешу жолдарын пысықтау бойынша тиісті жұмыстар айқындалды. Жалпы, партия алаңында өткен тақырыптық қабылдауда шалғай елді мекендерден ZOOM платформасы арқылы қосылған азаматтардан 4, офлайн форматта 4 мәселе қаралды. Барлығы — 8 өтініштің үшеуі оң шешіліп, қалғандарына қолданыстағы заңнамалар аясында кеңестер берілді.

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ МАШАҚАТЫ

«Әділет» партиясы Батыс Қазақстан облыстық филиалы Әйелдер қанатының бастамасымен тарих факультетінің студенттерімен тағылымды кездесу өтті. Жиынға елуге жуық студент қатысып, өз саласында еңбек етіп жүрген тәжірибелі мамандармен еркін форматта пікір алмасты.



Шараның негізгі мақсаты — жастарға мамандық таңдауда дұрыс бағыт-бағдар беру, таңдаған кәсібіне деген қызығушылығын арттыру, ғылымға бет бұруға ынталандыру және тәжірибелі мамандардың өмір жолынан сабақ алуына мүмкіндік жасау. Басқосудың спикерлері қатарында археолог, тарих ғылымы саласында өзіндік орны бар маман Яна Лұкпанова және педагог, білім саласының тәжірибелі өкілі Әлима Дүйісмағамбетова болды.

Археолог Яна Лұкпанова студенттерге өзінің кәсіби жолы, археология саласына келуі және ғылыми ізденістері туралы айтып берді. Ол тарих ғылымы мен археологияның елдің өткенін тандаудағы маңызын атап өтіп, Таксай қорғанынан табылған әйгілі «Таксай ханшайымы» туралы да кенінен әңгімеледі. Спикер өз тәжірибесі арқылы археолог мамандығының

тек қазба жұмыстарымен шектелмейтінін, оның артында үлкен ізденіс, табандылық, ғылыми қызығушылық пен өз ісіне деген сүйіспеншілік жатқанын жеткізді. Студенттерді тарихи мұраға бейжай қарамауға, таңдаған мамандығы бойынша үнемі ізденіп, кәсіби дамуға шақырды.

Ал педагог Әлима Дүйісмағамбетова білім саласындағы тәжірибесімен бөлісіп, мамандық таңдаудың жауапты қадам екенін атап өтті. Ол студенттерге болашақ кәсіпті таңдауда тек оның беделі мен сыртқы тартымдылығына емес, адамның өз қызығушылығы, қабілеті мен құндылықтарына назар аударудың маңызын түсіндірді. Сондай-ақ мамандық таңдауда жиі кездесетін

қиындықтар, өз қабілетінді дұрыс бағалау, алғашқы кәсіби қадамдарды жоспарлау және таңдаған салада өзін дамыту жөнінде пайдалы кеңестер берді. Спикер жастарға мамандықты бір сәттік шешіммен емес, өз мүмкіндіктерін танып, тәжірибе жинақтау арқылы таңдауға шақырды.

Кездесу барысында студенттер спикерлерге өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, археология, тарих, білім беру салалары және кәсіби даму жөнінде пікір алмасты. Мұндай шаралар жастарға мамандықтың мәнін терең түсінуге, тәжірибелі мамандардың өмір жолынан үлгі алуға және болашаққа нақты мақсат қоюға мүмкіндік береді.

BABY TENNIS — БОЛАШАҚ ЧЕМПИОНДАР АЛАҢЫ



Қордайда Baby Tennis балалар теннис фестивалі өтті. Ерекше спорттық шара білікті бапкер Марина Мартышеваның бастамасымен және «Әділет» партиясы Жамбыл облыстық Әйелдер қанатының қолдауымен ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты — балаларды кішкентай күнінен шынықтыру, белсенді өмір салтына үйрету және ата-аналарды да спорттық ортаға тарту. Себебі бүгінгі бүлдіршін — ертеңгі ел намысын қорғайтын чемпион! «Үлкен теннис — болашақ чемпиондар алаңы» атты фестивальға 3-5 жас аралығындағы бүлдіршіндер, олардың ата-аналары мен балабақша тәрбиешілері қатысты. Фестивальды Әйелдер қанатының жетекшісі Айман Әшімова құттықтау сөзбен ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Кішкентай спортшылар қызықты эстафеталар мен сайыстарда бак сынап, спортқа деген алғашқы қадамдарын жасады. Шара соңында «Әділет» партиясы Әйелдер қанаты атынан сыйлықтар табысталды.

Денсаулық сақтау саласы жаңа дәуірге аяқ басты. Онда әрбір дерек, жабдық және шешім адам өмірін сақтап қалуға қызмет етеді. Аукымды өзгерістер жарқын болашақ жолындағы бетбұрыстар бастауына айналып отыр. Сондықтан Президент өз Жолдауында денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығына және медициналық қызметтердің сапасы мен көлемін бақылауға ерекше тоқталды. Ол осы іске ЖИ технологияларын қолданатын жаңа жүйе жасауды, саланы толыққанды цифрландыруды тапсырды. Бұл бағытта бүгінде не істелді?

АЙХАН ШӘРІП

ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ҮЙЛЕСІМГЕ КЕЛДІ

— Денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығына және медициналық қызметтерге мониторинг жүргізу ісінің тиімділігіне қатысты мәселелер бар. Үкімет жасанды интеллект технологиясын қолданып, медициналық қызметтердің сапасына және көлеміне мониторинг жүргізетін жаңа жүйе қалыптастыруға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылғы 5 қыркүйектегі Жолдауында.

Жана міндеттер медициналық қызмет көрсету үдерісін заманауи талаптарға сай түбегейлі жаңғыртуға серпін берді. Мәселен, денсаулық сақтау саласындағы бытыранқы ақпараттық жүйелерді біріктіру арқылы сапалы өзгерістерге қол жеткізу көзделді. Ұзақ жылдар бойы қатар, тіпті бір-бірімен бақталастықта жұмыс істеп келген сан алуан жүйе ақпарат алмасуды қиындатып келген-тін.

Енді медициналық көмектің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруға қызмет ететін «денсаулық сақтау деректерінің бірыңғай цифрлық контурын» құру басталды. Сектордағы әр жаққа шашыраған 23 меджүйені бірыңғай цифрлық дінгекке біріктіру жұмысы жүргізіліп жатыр: оның құрамында 12 жеке медициналық ақпараттық жүйе бар.

ІІМ, Еңбекмині, Әділет, Қаржы, Ғылым және жоғары білім министрліктері сияқты мемлекеттік органдардың 50-ден астам ақпараттық жүйесімен тиісті интеграция жасалды. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова бұл бағыттағы атқарылып жатқан істердің мәнін түсіндірді.

— Президент тапсырмасына сәйкес, Бірыңғай мемлекеттік медициналық ақпараттық жүйе (БММАЖ) құрылу үстінде. Ол барлық шашыранқы жекеменшік ақпараттық жүйені бір жүйеге біріктіріп, дәрігердің бірыңғай жұмыс құралына айналуға тиіс. Қазірдің өзінде Денсауминінің 12 жүйесінің 7-еуі біріктірілді. Енді деректер бір рет қана енгізіліп, құжаттар автоматты түрде қалыптастырылады. Бұл дәрігердің ақпарат енгізуге жұмсайтын уақытын 40%-ға қысқартуға мүмкіндік берді! — деді А.Әлназарова. Бұл өзгеріс дәрігерлердің қолын босатып, емдеу үдерісіне, сыртқақа көбірек көңіл бөлуіне жол ашпақ. Осы жана жүйені толық іске қосу жыл соңына, 2026 жылғы 1 желтоқсанға жоспарланған.

ДЕРЕКТЕР ҚАТАН БАҚЫЛАУҒА АЛЫНДЫ

Цифрландыру аясында әрі ақпараттық қауіпсіздік пен қаржының орынды жұмсалуды қамтамасыз ететін бірыңғай деректер

САУ ҰЛТТЫҢ ҰСТЫНЫ — «АҚЫЛДЫ» МЕДИЦИНА



ӘР ПАЦИЕНТТІҢ «ШЕЖІРЕСІ» ЖАЗЫЛАДЫ

қоймасы жасакталды. Бұл қоймаға 12 жеке медициналық ақпараттық жүйеден, сондай-ақ түрлі тізілім-реестрлер мен анықтамалықтардан маңызды ақпараттар тоғытылды. Бүгінде жүйе ішінде 62 медициналық оқиға бойынша 486 автоматты тексеру түрі жүргізіледі. 2026 жылғы 1 шілдеден бастап медициналық көмекті төлеу ісі тікелей осы деректер қоймасындағы мәліметтер негізінде жүзеге асырыла бастайды.

Мұның түпкі мақсаты — қаржының дұрыс жұмсалуды қамтамасыз ету. Министр Ақмарал Әлназарованың айтуынша, 23 бытыранқы жүйеден е-Densaulyq бірыңғай экосистемасына көшу жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Бүгінде 21 мыңнан астам медициналық ұйым, 221 мың медтехника және 257 мың медқызметкерінің деректері цифрландырылды.

Министр цифрлық бақылауды күшейтудің оң нәтижесі ретінде меджүйеден 1,4 млн рецептсіз бар пациенттердің ескірген 400 мың картасының жойылғанын келтірді. Бұл мемлекетке бюджеттен 31 млрд теңге шығыстарды үнемдеуіне мүмкіндік берген. Медқызметтерді негізсіз тұтыну 7,1%-ға немесе 7 млрд теңгегейге төмендепті. Бұл ретте кателерді анықтау тиімділігі 3,5 есеге артты.

Интеграцияланған орта тек қаржылық бақылаумен шектелмей, кадрлық және лицензиялық талаптардың сақталуын қатаң қадағалауға жол ашты. Цифрлық тексеру барысында арнайы лицензиясы жоқ 38 меджүйенің қызметі анықталып, оның 27-сінің жұмысы толығымен тоқтатылды. Бұдан бөлек, сертификаттарының қолданылу мерзімі өткен 2 188 медицина қызметкері уақытша жұмыстан шеттетілді. Бұл жүйе салада әділдік пен заң үстемдігін қамтамасыз ететін маңызды құралына айналмақ.

Сондай-ақ бұрын жекелеген жүйеде шашырап жатқан деректер бір арнаға үйіскенде қайтыс болған азаматтарға «көрсетілді» делінген қызметтер немесе бір дәрігердің бір мезгілде әртүрлі өңірде жұмыс істеп жатқаны сияқты келенсіз жағдайлар бірден әшкереленді. Мұндай ашықтық емдеу сапасына нұқсан келтіретін теріс әрекеттердің алдын алуға септігін тигізуге тиіс. Технологияның тегеурінді тетіктері азаматтардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қорғаудың берік қалқанына айналса құп.

Кейінгі кезде ең құрығанда бір рет мемлекеттік емханаға немесе ауруханаға жүгінген Қазақстан тұрғындарының медициналық өмірбаяны — «пациенттің цифрлық профілі» түзіліп жатыр. Азаматтардың денсаулық тарихын жүйелі түрде жүргізу ісі де жана денгейге көтерілді. ДСМ түсіндіруінше, әрбір сырқаттың медициналық тарихы 2012 жылдан бері әрбір тұрғынға жеке бекітіліп, деректер оның тұрғылықты немесе тіркелген жеріне қарамастан сақталады.

Азаматтардың цифрлық профілі 20 миллионнан асты. Ал электрондық құжаттар саны 13,8 миллионға жетіп отыр. Бұл көрсеткіш 2023 жылғы қантардан бері 2,2 есеге өскен. Сонымен қатар бұл «доcьеден» дәрігерге онлайн жазылу қызметін 5,6 млн азаматтың пайдаланғаны анықталды. Әрбір пациенттің жеке профілінде оның медициналық тарихы, тағайындаулары, жүргізілген зерттеулері мен талдаулары, алған вакцинациялары мен аллергиялық реакциялары жинақталған.

Бұл модельдің басты артықшылығы — науқастың емделу тарихы бір ғана емхананың қабырғасымен шектеліп қалмайтынында. Еліміздің кез келген бұрышындағы білікті дәрігер пациенттің бұрынғы зерттеу нәтижелеріне цифрлық форматта қол жеткізіп, динамикада талдай алады. Дегенмен бұл бағыттағы кейбір міндеттер әлі де аяқталмаған: ДСМ дерегінше, олар кезең-кезеңімен іске асырылады. Атап айтқанда, скрининг пен вакцинациядан өту туралы автоматты хабарламаларды іске қосу 2027 жылғы 1 қантардан бастап қолға алынбақ.

Мұның сыртында денсаулық сақтау жүйелері мен ішкі істер органдарының ақпараттық жүйелерін интеграциялау нәтижесінде көлік құралдарын басқаруға медициналық қарсы көрсетілімдері бар азаматтар жаппай анықталып жатыр. Бүгінде шамамен 10,5 мыңға жуық жүргізуші куәлігінің күші тоқтатылып, олар машина рөлінен шеттетілді.

ЖИ — АҚ ХАЛАТТЫҢЫҢ СЕРІГІ

Жасанды интеллект технологиясын медицина саласына батыл енгізу — Жолдаудағы басты міндеттің бірі болғаны

белгілі. Қазірдің өзінде озық шешімдер клиникалық практикада кенінен қолданылып, игілігін бере бастады. Елде 40-тан астам ЖИ жобасы пайдаланылады және бұл технология 700-ден астам медициналық ұйымда жұмыс істейді. Еліміздің 15 өңірінде жасанды интеллект көмегімен диагностика жасау үрдісі жолға қойылыпты. 4 ЖОО-да осы бағытта арнайы орталықтар ашылды.

Денсаулық сақтау министрі ЖИ ақпараттық жүйесін дамытудың басты бағыты ретінде атап өтті: ол дәрігердің жұмысын жеңілдетіп, ақпаратты жылдам өңдеуге жәрдемдесетін сенімді көмекші. Мәселен, онкологияда өкпе және сүт безі обьырын ерте анықтау көрсеткішін 32,2 пайызға арттыруға болатыны хабарланды. Инсулът диагностикасында қолданылатын жүйе бұл процесті 3 есеге дейін жылдамдатып, стоматологиядағы жаңашылдықтар диагностикалық жұмысты 20 есеге дейін тездетуге қауқарлы.

ЖИ элементтері бар цифрлық шешімдердің қатарында «Суық тізбек» жобасы аталды: ол вакциналарды қоймадан медициналық ұйымға дейін дұрыс сақтап, тасымалдау жағдайларын автоматты түрде бақылауға арналған. Температура датчиктері сақтау жағдайларын, ал GPS-мониторинг иммундық препараттарды тасымалдау барысын қадағалайды. Пилоттық жоба 2025 жылы Қарағанды облысында сынақтан өткен. Биылғы 1 қазаннан жобаны бүкіл ел аумағында кезең-кезеңімен енгізу басталады. Жүйе елдің барлық өңіріндегі 3,5 мыңнан астам нысан мен 800 бірлік арнайы тоназытқыш-көлікті қамтымақ.

Полициерлер үлгісінде, медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Қазақтелеком» АҚ шешімдері негізінде смарт-бейнежетондар енгізіліп жатыр. Құрылыс қауіпті жағдайларды тіркейді. Пациент, басқалар шабуыл жасаса,



Енді медициналық көмектің тиімділігін мен қолжетімділігін арттыруға қызмет ететін «денсаулық сақтау деректерінің бірыңғай цифрлық контурын» құру басталды. Сектордағы әр жаққа шашыраған 23 меджүйені бірыңғай цифрлық дінгекке біріктіру жұмысы жүргізіліп жатыр: оның құрамында 12 жеке медициналық ақпараттық жүйе бар.

өзге қауіп төнсе, патрульдік полиция жасағы оқиға орнына шұғыл жетуі үшін сигнал Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына автоматты түрде жіберіледі. Әзірге қанатқақты жоба екі

өңірде — Шымкент қаласы мен Жамбыл облысында іске қосылған. Жобаны сынауды осы жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Жетондармен 2,1 мың жедел жәрдем бригадасы және 3,8 мыңнан астам медицина қызметкері қамтылады.

Стационарлардағы бейнеаналитика және SOS батырмасы жүйесі қабылдау бөлімдеріне арналған кешенді шешім. Ол медицина қызметкерлеріне қатысты агрессия фактілерін анықтау үшін «ақылды» камералар орнатуды көздейді. Ақпарат Полиция департаментіне, медициналық ахуал орталығына және меджүйенің күзет қызметіне жедел түрде беріледі. Көшелерде SOS батырмалары орнатылады. Оның көмегімен азаматтар патрульдік полицияны өз бетінше шақыра алады. Жүйе Астанада, Шымкентте және Жамбыл облысында енгізілу үстінде.

Шалғай аудандардың тұрғындарына мамандардың қашықтан кеңес беруін қамтамасыз ететін цифрлық телемедицина шешімдері енгізілді. Бұл — қияндағы ауылдықтарға қомақты қолдау. Жыл басынан бері 1 миллионнан астам телеконсультация өткізілді. 2,1 миллионнан астам адам қашықтан медқызмет алды: оның 39%-ы ауыл тұрғындары. Жоба ауылдардағы 655 фельдшерлік-акушерлік пункттер мен дәрігерлік амбулаторияларды, 72 қымыстық-атқару жүйесі мекемелерін қамтиды.

2026 жылдың 1 қыркүйегінде оқушыларды алдын ала тексеруге де телемедицина енгізілді. Онымен 8 мыңға жуық мектепті қамту жоспарлануда. Қашықтан кеңес беру форматында ЭКГ, экспресс-талдаулар және цифрлық медициналық құрылғыларды қолданумен жасалатын тексерулер қолжетімді көрінеді. Алдағы уақытта бұл тізімге УДЗ, офтальмоскоп және тағы да басқа зерттеулер қосылмақ.

ЖИ қолданатын орталықтандырылған телерадиология бүкіл ел бойынша 400-ден астам меджүйемді байланыстырады. ЖИ алгоритмдері КТ, МРТ және маммография суреттерін талдауға мүмкіндік беретін көрінеді. Бұл диагностикаға жұмсалатын уақытты 4 еседен астам қысқартады. Мұн-

дай озық шешімдер әсіресе мамандар тапшы аймақтарда аса қажет.

ЖИ базасындағы AkyImed.AI медициналық коммуникациялардың бірыңғай жүйесі пациенттерді тәулі бойы онлайн-жазу, скринингтер мен профилактикалық тексерулерге автоматты түрде шақыру, сондай-ақ қабылдау сапасы туралы кері байланыс орнату үшін енгізіледі. Қоңырау шалатын AI-көмекшілер қабылдауға жазылып, емханаға келмей қалу оқиғаларын 3 есеге жуық азайтуға астам ресепшн-тіркеу орындарына жүктемені айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік беріпті.

Сондықтан бүгінгі кезеңді цифрлық медицинаның қалыптасу дәуірі деп атауға негіз бар. Басты мақсат — басталған ізгі бастамаларды аяғына жеткізіп, оның нәтижесіне қол жеткізу. Мемлекет басшысының тапсырмасы медициналық қызметтің сапалы, бақылауға қолайлы және әрбір азаматқа қолжетімді болуына бағытталған. «Ақылды» медицина мен заманауи цифрлық технологиялар дұрыс тоғысса, бұл денсаулық сақтау саласын түбегейлі жаңғыртып, әрбір азаматтың өмір сапасын арттыру жолындағы жарқын болашақтың берік іргетасына айналмақ.

БАСПАНАМЕН ҚАМТУҒА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛДІ

Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековтің бастамасымен қала тұрғындарын қолжетімді әрі жайлы баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жүйелі жұмыстар жалғасуда. Бұл — ең алдымен, отбасының әлеуметтік тұрақтылығын нығайтып, әр шаңыраққа қолайлы жағдай жасауға бағытталған маңызды әлеуметтік саясаттың бір бөлігі.

Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Қала әкімі Ғабит Сыздықбеков Асар-2 шағынауданында жаңа пәтерлерге қоныстанатын 40 отбасыға баспана кілтін табыстау рәсіміне қатысты. Жана қоныс иелерінің қатарында көпбалалы және толық емес отбасылар, мүгедектігі бар азаматтар, сондай-ақ бюджет саласының қызметкерлері бар. Пәтерлер

«Отбасы банк» АҚ-ның «2-10-20» және «5-10-20» жеңілдетілген несиелеу бағдарламалары аясында төлем қабілеттілігін растаған азаматтарға берілді.

«Әр отбасының өз баспанасы болуы — әлеуметтік әл-ауқаттың ғана емес, отбасылық берекенің де негізі» деген ұстаныммен қалада тұрғын үй мәселесін шешуге ерекше мән беріліп отыр. Себебі баспана — отбасының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы, балалардың алаңсыз тәрбиесі және ертенгі күнге деген сенім

қалыптасатын орта. Биыл Шымкентте тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 7 386 пәтер беру жоспарланған. Оның ішінде 2 818 пәтер жалға берілетін, 4 568 пәтер — несиелік тұрғын үй.

Бүгінде кезекте тұрған 3 699 азаматтың баспана мәселесі шешілді. Оның ішінде 2 192 отбасы несиелік тұрғын үймен, 1 507 отбасы жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Жыл соңына дейін тағы 3 687 пәтер беру жоспарлануда.

Қала әкімі Ғабит Сыздықбековтің жетекшілігімен жүзеге асырылып жатқан бұл жұмыстардың басты мақсаты — тұрғын үймен қамтуды сандық көрсеткішпен шектемей, адамдардың нақты қажеттілігіне бағыттау. Әсіресе әлеуметтік осал санаттағы азаматтар мен отбасыларға қолдау көрсетуге басымдық берілуде. Отбасы — қоғамның берік іргетасы.



Сондықтан әр шаңырақтың әл-ауқатын арттыру, балалардың лайықты ортада өсуіне жағдай жасау және азаматтардың

тұрғын үй мәселесін шешу — Шымкенттің әлеуметтік даму саясатындағы маңызды бағыттың бірі.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

22 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

■ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың саяси бағдарының бірі заң үстемдігі, әділет орнаған қоғам құру екені белгілі. «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасын жүзеге асыру үшін заңдар жетілдіріліп, тәртіп үнемі насихатталып келеді. Сонымен қатар бұқараның сот жүйесіне сенімін нығайтудың да өзектілігі арта түсті. Демек, сот төрелігі де жетілуі қажет деген сөз. Біз осы мәселе төңірегінде Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы Дмитрий Михайлович Малаховпен сұхбаттастық. Әңгіме барысында судьяларды даярлау, сот төрелігінің сапасын арттыру мәселесі туралы да әңгіме өрбіттік.

— Кейінгі жылдары Қазақстанның сот жүйесінде жүйелі өзгерістер болып жатыр.. Бұл үдерісте судья кадрларын даярлау қандай орын алады?

— Сот төрелігінің сапасы азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдер қабылдайтын судьяның кәсіби деңгейімен тікелей байланысты.

Осыған орай судья кадрларын даярлау тек кадрлық мәселе ғана емес, сонымен қатар сот жүйесін дамытудың стратегиялық бағыты болып табылады.

Қазіргі заманғы судья құқық саласында терең білімге, аналитикалық ойлау қабілетіне, күрделі дәлелдемелермен жұмыс істеу дағдыларына, істің мән-жайларын жан-жақты бағалай білу қабілетіне ие болуы және сот актілерін тиісті деңгейде құрастыра білуге тиіс. Сондай-ақ сот процесінің мәдениеті, кәсіби коммуникация дағдылары, адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды білу және судья әдебінің жоғары талаптарын сақтау да аса маңызды мәнге ие.

Осыған байланысты судьяның кәсіби қалыптасуы судья лауазымына кандидаттарды даярлау кезеңінен басталып, оның бүкіл кәсіби қызметі барысында жалғасуға тиіс.

— Бұл тәсіл Сот төрелігі академиясын Жоғары Сот Кеңесінің қарауына бергеннен кейін одан әрі дамытылды. Бұл шешімнің маңызы қандай болды?

— Сот төрелігі академиясын 2024 жылғы 15 шілдеде Жоғары Сот Кеңесінің қарауына беру маңызды институционалдық шешім болды.

Оның негізгі мақсаты — судья лауазымына кандидаттарды даярлау мен кәсіби судьялар корпусын қалыптастыру міндеттері арасындағы тікелей байланысты қамтамасыз ету.

Білім беру және кадрлық құрамдас бөліктері бұрын едәуір дәрежеде дербес жүзеге асырылып келді. Қазіргі уақытта олар судья кадрларын кәсіби даярлау мен дамытудың бірыңғай жүйесіне дәйекті түрде біріктірілуде.

Кенес судьялар корпусын қалыптастыру саласындағы өкілеттіктерді жүзеге асырады, ал Сот төрелігі академиясы оның кәсіби даарлығы мен біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді.

Мұндай өзара іс-қимыл судьяның құзыреттеріне қойылатын өзекті талаптарды ескеруге, құқық қолдану практикасындағы проблемалық мәселелерді талдауға және соған сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Академия судья кадрларын даярлау және кәсіби дамыту жүйесінің аса маңызды институты ретінде қарастырылады.

— Сот төрелігі академиясында сот білім алудың ерекшеліктері неде?

— Сот төрелігі академиясының білім беру бағдарламаларының ерекшелігі — білімді практикалық тұрғыда қолдануға бағытталған кешенді кәсіби даарлықта. Судья заңнаманы біліп қана қоймай, материалдық және процесстік құқық нормаларын дұрыс қолдана білуге, құқықтық ұстанымдарды талдауға және уәжді сот шешімдерін қабылдауға тиіс.

Академияның білім беру процесінде сот істерінің кейстерін талдау, сот отырыстарын модельдеу, сот актілерінің жобаларын әзірлеу, пікірталастар, рөлдік сабақтар, сондай-ақ ғалымдар мен практикалық судьялардың қатысуымен би-нарлық сабақтар өткізу әдістері қолданылады.

«Судья судьяны оқытады» қағидатының маңызы ерекше. Қолданыстағы судьялардың практикалық тәжірибесі кәсіби даарлықтың маңызды элементі болып табылады. Нақты сот жағдайлары мен құқықтық мәселелерді шешу тәсілдерін талқылау кандидаттардың сот қызметін жүзеге асыруға қажетті дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Білім беру процесіне Жоғарғы Сот-тың, кассациялық және жергілікті соттардың судьялары, сондай-ақ Жоғары Сот Кеңесінің мүшелері белсенді түрде тартылады.

— Мұндай тәсіл болашақ судьяны даярлау үшін қандай маңызға ие?



Дмитрий МАЛАХОВ,
Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасы:

СУДЬЯҒА ҚОЙЫЛАР ТАЛАП БЫІК



— Практикаға бағдарланған даарлық Академияда білім алушыға сот қызметінің мазмұны мен жауапкершілігі туралы нақты түсінік алуға мүмкіндік береді.

Сот шешімі процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей әсер етеді, оның ішінде мүлкітік, отбасылық, еңбек және кәсіпкерлік қатынастарға қатысты мәселелерді, ал жекелеген жағдайларда адамның бостандығы мен қауіпсіздігіне қатысты мәселелерді де қамтиды.

Сондықтан судьядан тек кәсіби құзыреттілік қана емес, сонымен қатар жоғары деңгейдегі жауапкершілік, объективтілік, бейтараптық және судья әдебі талаптарын сақтау талап етіледі.

Академияның міндеті — түлектің қажетті білім мен дағдыларды меңгеруін, сот төрелігін жүзеге асыру қағидаттарын және судьяның кәсіби қызметіне қойылатын талаптарды түсінуін қамтамасыз ету.

Кәсіби құзыреттілік, тәуелсіздік, бейтараптық және жауапкершіліктің үйлесуі сот төрелігін тиісінше жүзеге асырудың және сот жүйесіне деген сенімді нығайтудың қажетті шарты болып табылады.

— Судья лауазымына кандидаттарды даярлауда Жоғары Сот Кеңесі қандай рөл атқарады?

— Жоғары Сот Кеңесі уәкілетті орган ретінде судьялыққа кандидаттарды даярлау жөніндегі Академияның ұйымдастырушылық қызметіне тікелей қатысады.

Мәселен, Кеңес үлгілік оқу жоспарларын бекітуді, Академияның ғылыми-білім беру қызметі саласындағы базалық нормативтік құқықтық актілерді қабылдауы, магистрлік жобалардың тақырыптарын қалыптастыруды, Академияны дамыту тұжырымдамасының іске асырылуына мониторинг жүргізуді және білім беру бағдарламаларын аттестаттауды жүзеге асырады.

Кеңес сондай-ақ Академияда құрылатын қабылдау, мемлекеттік аттестаттау, біліктілік және басқа да комиссиялардың жұмысына қатысады.

Жоғары Сот Кеңесінің мүшелері Академияда сабақтар өткізеді, магистранттармен кездеседі, судья лауазымына кандидаттарға қойылатын талаптарды түсіндіреді, кәсіби іріктеу мәселелерін қарастырады, сондай-ақ конкурстық рәсімдер барысында анықталатын типтік кемшіліктер мен қателерге назар аударады.

Мұндай өзара іс-қимыл білім беру даарлығы мен судьялар корпусын қалыптастыру практикасының өзара байланысын қамтамасыз етеді.

— Судья лауазымына біліктілік емтиханына дайындық құралдарының бірі референдария институты болды. Ол кандидаттарға қандай мүмкіндіктер береді?

— Референдиат — судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсыруға кандидаттарды даярлаудың жана қосымша құралы. Ол Академияда 2025 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді.

Кандидаттардың теориялық және практикалық даарлық деңгейін арттыру сот ісін жүргізудің негізгі нысандарын қамтитын қарқынды курстар арқылы жүзеге асырылады.

нын қалыптастыруды көздейді. Сабақтарды өткізуге бейінді жоғары білікті мамандар тартылады.

Оқытуды дараландыру бағдарламаларды судьялардың нақты кәсіби қажеттіліктеріне және біліміндегі анықталған олқылықтардың орнын толтыруға бағыттауға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта судьялардың біліктілігін арттыруда дараландырылған тәсілді одан әрі жетілдіру бағытындағы жұмыс жалғастырылатын болады.

— Бұл жүйеде сот ғылымы қандай рөл атқарады?

— Сот ғылымы — қазіргі заманғы сот жүйесін дамытудың қажетті құрамдас бөлігі. Ғылыми зерттеулер құқық қолдану саласындағы өзекті мәселелерді анықтауға, заңнама мен сот практикасындағы қайшылықтарды талдауға, оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеуге және құқықтық реттеудің одан әрі даму перспективаларын болжауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты Сот төрелігі академиясын ғылыми-білім беру орталығы ретінде дамыту басым бағыттардың бірі болып табылады.

2025 жылы Академия алғаш рет «Құқық» бағыты бойынша докторантураның білім беру бағдарламаларын іске асыруға мемлекеттік лицензия алды, сондай-ақ алғаш рет ғылыми қызмет субъектісі ретінде аккредиттеуден өтті.

Бұл ғылыми мектепті дамытуға, ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлауға, сондай-ақ сот төрелігінің өзекті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізуге қажетті жағдайлар жасайды.

Бұл ретте ғылыми зерттеулердің практикалық бағыттылығы және олар-

Сондықтан басқа мемлекеттерде қолданылатын сот білім беру, құқық қолдану және адам құқықтарын қорғау стандарттарын қамтамасыз ету саласындағы заманауи тәсілдерді зерделеп, кейін оларды ұлттық жағдайларды ескере отырып қолдану мүмкіндігін бағалау қажет.

Кенесінің басшылығымен Академия шетелдік білім беру және ғылыми ұйымдармен ынтымақтастықты дамытып келеді. Бұлынтымақтастық академиялық ұтқырлықты, бірлескен ғылыми және білім беру іс-шараларын өткізуді, зерттеу жобаларын іске асыруды және шетелдік сарапшыларды тартуды қамтиды.

Орталық Азия және түркі әлемі мемлекеттерімен өзара іс-қимылдың маңызы ерекше. Бұл елдермен Қазақстанды ортақ тарихи-мәдени байланыстар және құқықтық институттарды дамыту саласындағы ұқсас міндеттер байланыстырады.

— Биыл сәуір айында Академия Жоғары Сот Кеңесімен бірлесіп, судьялардың үздіксіз білім алуына арналған халықаралық конференция өткізді. Бұл бағыт негізден ерекше маңызға ие болып отыр?

— Үздіксіз кәсіби білім беру судьяның кәсіби құзыреттілігінің тиісті деңгейін сақтаудың қажетті шарты болып табылады.

Қазіргі заманғы сот қызметі заңнаманың үнемі өзгеруі, цифрлық технологиялардың дамуы, құқықтық қатынастардың жана түрлерінің пайда болуы және сот дауларының күрделене түсуі жағдайында жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда кәсіби даарлықтың бастапқы кезеңінде алынған білім мен дағдыларды үнемі жаңартып отыру қажет.

Сондықтан судьялардың үздіксіз білім алу мәселелері сот жүйесін дамыту үшін қағидаттық маңызға ие.

Сот төрелігі академиясының он жылдығына және ХХІ ғасырдағы судьялардың үздіксіз білім алу мәселелеріне арналған халықаралық конференция сот білім берудің қазіргі заманғы үрдістері мен оны дамытудың перспективаларын талқылауға арналған алаң болды.

Негізгі назар сот қызметіне қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып, судьялардың кәсіби даарлығын одан әрі жетілдіру және олардың біліктілігін арттыру мәселелеріне аударылды.

— Сіздің ойыңызша, болашақтың судьясы қандай болуға тиіс?

— Болашақтың судьясы жоғары кәсіби құзыреттілік деңгейіне ие, тәуелсіз, объективті және бейтарап болуға тиіс.

Ол құқық нормалары мен істің нақты мән-жайларын өз бетінше талдай білуі, дәлелдемелерді бағалауы, негізді шешімдер қабылдауы және олардың уәждерін анық әрі түсінікті түрде баяндауға тиіс.

Бұл ретте судьяның тәуелсіздігі қабылдайтын шешімдері үшін кәсіби және жеке жауапкершіліктің жоғары деңгейін білдіреді.

Қазіргі судьяның маңызды сипаттамасы — үнемі кәсіби дамуға дайын болу. Заңнаманы өзгерту, құқықтық ғылым мен сот практикасын дамыту білімді жүйелі түрде жаңартуды және кәсіби дағдыларды жетілдіруді талап етеді.

Осыған байланысты Академия тек алғашқы дайындық институты ғана емес, сонымен қатар судьялар қауымдас-тығы үшін тұрақты кәсіби орта ретінде де қызмет етуі керек.

— Академияның Жоғары Сот Кеңесі жүйесінде жұмыс істеген алғашқы екі жылының нәтижесі бойынша қандай негізгі қорытынды жасауға болады?

— Негізгі қорытынды — сот төрелігінің сапасы судьяларды кәсіби даярлау сапасымен тікелей байланысты.

Қазіргі уақытта магистратура және референдиат шеңберінде судья лауазымына кандидаттарды даярлауды, қазіргі судьялардың біліктілігін арттыруды, ғылыми қызметті, халықаралық ынтымақтастықты және білім беру инфрақұрылымын дамытуды қамтитын судья кадрларын кәсіби дамытудың тұтас жүйесі қалыптастырылуда.

Осы бағыттардың барлығы ортақ міндетпен — кәсіби, тәуелсіз және жауапты судьялар корпусын қалыптастырумен біріктірілген.

Жоғары Сот Кеңесі үшін бұл — жүйелі және ұзақмерзімді міндет. Оның нәтижесі сот төрелігін жүзеге асыру сапасына тікелей әсер етеді.

Азаматтардың сот жүйесіне деген сенімі, ең алдымен, белгілі бір сот қызметінің нәтижелері — қабылданған шешімдердің заңдылығы, негізділігі мен әділдігі, сондай-ақ процеске қатысушылар үшін олардың уәждерін түсінігі арқылы қалыптасады.

Осыған байланысты судьяларды даярлау және кәсіби жетілдіру жүйесін дамыту сот төрелігінің сапасын арттырудың, заң үстемдігі қағидатын нығайтудың және Қазақстанда құқықтық мемлекеттің одан әрі дамуының негізгі факторларының бірі болып саналады.

Сұхбаттасқан
Ардақ СҰЛТАН

ЖЫЛУЫҢДЫ ЖАЗ ҚАМДА



Абай облысында алдағы қысқа дайындық науқаны қызу жүріп жатыр. Қазандықтар жөнделіп, тозған жылу желілері жаңартылып, орталық жылу пункттері қайта жаңғыртылуда. Өңірде осы мақсатқа биыл ондаған миллиард теңге бағытталған. Бұл – бір маусымдық мәселені шешуге емес, жылдар бойы қордаланған коммуналдық түйткілді тарқатуға арналған ауқымды жұмыс.

Қыс келгенде коммуналдық салаға жұрттын назары бірден ауады. Үйге жылу кеш кірсе, құбыр жарылса немесе қазандық істен шыкса, оның салдары бірден сезіледі. Ал жазда жылу жүйесіне көпшілік аса мән бере бермейді. Негізінде, қысқы жылудың тағдыры дәл осы жаз айларында шешіледі. Өңірде орталықтандырылған жылумен 3 қала мен 5 аудан қамтылған. 2026-2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында 14,5 млрд теңгеге 32 жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұған қоса, «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде тағы 15,8 млрд теңгеге 6 жоба қолға алынған. Яғни әңгіме бір-

екі қазандықты жөндеумен шектелмейді. Мұнда тұтас жылу инфрақұрылымын жаңарту мәселесі тұр. Жылу жүйесінің ахуалын құбырлардың ұзындығы ғана емес, олардың тозу деңгейі де көрсетеді. Абай облысында жылу желілерінің жалпы ұзындығы 409 шақырым болса, оның 325 шақырымы Семей қаласына тиесілі. Ал желілердің тозу деңгейі қазір 55,6 пайыз шамасында. Бұл – елеулі көрсеткіш. Өйткені жылу желісінің тозуы артқан сайын апат қаупі де, жылу жоғалту көлемі де көбейеді. Сондықтан биыл облыста 6,4 млрд теңгеге 38 шақырым жылу желісін ауыстыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жаңғырту жұмыстары аяқталғаннан кейін өңірдегі жылу желілерінің тозу деңгейін 55,6 пайыздан 52,3 пайызға төмендету көзделген. Семей қаласында бұл көрсеткіш 58,2 пайыздан 54,1 пайызға дейін азаймақ.

Абай облысының жылу жүйесі сөз болғанда Семей қаласын айналып өту мүмкін емес. Өйткені облыстағы жылу инфрақұрылымының негізгі бөлігі осы шаһарға шоғырланған. Қалада 1 жылу электр орталығы мен 20 қазандық жұмыс істейді. Қазір оның 18-і алдағы маусымға толық дайын. Қалған екі қазандықтағы жұмыстарды қыркүйек айының соңына дейін аяқтау жоспарланған. Ал Семейдің жылу жүйесінің негізгі нысанының бірі – №1 жылу электр орталығы. Тарихы өткен ғасырдың 30-жылдарынан басталатын кәсіпорын бүгінде қаланың мыңдаған тұрғыны мен жүздеген нысанын

жылумен қамтамасыз етіп отыр. 1934 жылы пайдалануға берілген орталықтың орнатылған қуаты – 374 Гкал/сағ, ал қолданыстағы қуаты – 276,4 Гкал/сағ.

Мұнда 433 көпқабатты тұрғын үй, 56 әлеуметтік нысан, 30 бюджеттік ұйым және 673 коммерциялық кәсіпорын жылу алады. Абоненттердің жалпы саны – 27 410. Орталықтың өзіне тиесілі жылу желілерінің ұзындығы да аз емес – 102,691 шақырым. Мұндай ауқымдағы нысанның жұмысы тоқтаса, оның салдарын бір ғана мекеме емес, тұтас қала сезінері анық. Сондықтан мұнда қысқы маусымға дайындықтың әр кезеңі ерекше маңызға ие. Облыс әкімі Берік Уәли жылу нысандарының алдағы маусымда тұрақты әрі үздіксіз жұмыс істеуі басты міндет екенін атап өтті.



Жылу энергетикасындағы жұмыстың нәтижесін тек қазандықтардың көрсеткішімен өлшеу жеткіліксіз. Оның шынайы бағасы тұрғынның үйіндегі жылудан көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, әлеуметтік нысандардың дайындығы да маңызды. Бүгінде білім беру және әлеуметтік қорғау нысандары 100 пайызға, денсаулық сақтау нысандары 97 пайызға, тұрғын үй қоры 98 пайызға дайын.

— Биыл жылу қазандығына байланысты күрделі жөндеу жұмыстарын ерте бастадық. Соның арқасында ерте аяқтап отырмыз. Аяқасты күн суытқан жағдайға 100 пайыз дайынбыз. Барлық жұмыс кестеге сай жүріп жатыр. Мамандар жұмыс барысын жаз бойы тұрақты бақылауда ұстады. Конкурстық рәсімдер ерте бітті. «Қыстың қамын жаз ойла» демекші, қазір кез келген уақытта жылу беруге дайынбыз, — деді аймақ басшысы.

Жылу энергетикасындағы жұмыстың нәтижесін тек қазандықтардың көрсеткішімен өлшеу жеткіліксіз. Оның шынайы бағасы тұрғынның

СЕРЖАНТТАР КОРПУСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ОТЫЗ ЖЫЛ



Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Шоқан Уәлиханов атындағы Әскери колледжі биыл 30 жылдық мерейтойын атап өтіп жатыр. Осы уақыт ішінде оқу орны Қазақстан Қарулы күштеріне кәсіби сержанттар даярлайтын маңызды білім ордасына айналды. Колледждің қалыптасу тарихы еліміздегі әскери білім беру жүйесінің дамуымен және сержанттар институтының кәсіби тұрғыда нығаюымен тығыз байланысты.

Әскери колледж Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 шілдедегі №3049 Жарлығымен құрылды. Білім ордасы әскери бөлімшелерді басқаратын, жеке құраммен жұмыс істейтін және әскери міндеттерді кәсіби деңгейде орындайтын, қабілетті кіші буын командирлерін даярлап келеді.

Колледж тарихындағы кәсіби сержанттардың алғашқы түлегін шығару рәсімі 1999 жылдың 29 шілдесінде өткен еді. Сол кезде Қорғаныс министрі, армия генералы Мұхтар Алтынбаевтың өзі оқу орнына келіп, Жауынгерлік



Туды табыстады. Алғашқы 63 кәсіби сержант Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімі мен құрылымдарындағы сержанттық лауазымдарға тағайындалып, келісімшарт бойынша әскери қызметін бастады. Олардың 11-і оқуын Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Әскери академиясында жалғастыруға мүмкіндік алды.

2000 жылы оқу орнына көрнекті ғалым, ағартушы әрі этнограф Шоқан Уәлихановтың есімі берілді. Осы кезеңнен бастап колледждің әскери білім мен тәрбие саласындағы өзіндік дәстүрі қалыптаса түсті. 2005 жылдан бастап Қазақстан Қарулы күштеріне бөлімше командирінен бастап Қарулы күштердің Бас сержантына дейінгі сержанттық лауазымдар қалыптасты. Бұл сержанттар корпусының әскери басқару

жүйесіндегі рөлін айқындап, оның кәсіби мәртебесін арттырды. Колледж түлектері осы жүйенің қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты. Олардың қатарынан Қазақстан Қарулы күштерінің Бас сержанты қызметін атқарған және Бас штабтың сержанттар құрамымен жұмыс жөніндегі басқармасында басшылық қызмет атқарған әскери қызметшілер шықты.

Ал 2016-2017 оқу жылынан бастап колледж білім беру үдерісін жаңа талаптарға сәйкес ұйымдастыруға көшті. Дәл осы жылдары әскери пәндердің мазмұны заманауи қарулы қажығыстар тәжірибесін ескере отырып жаңартылды. Курсанттардың күрделі әрі өзгермелі тактикалық жағдайда дұрыс шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға басымдық көбірек берілді.

Бүгінде колледж техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша кіші командалық құрам мамандарын даярлап отыр. Курсанттар әскери бөлімшелерді басқару, жеке құрамды оқыту және тәрбиелеу, қару-жарак пен әскери техниканы пайдалану және қызмет көрсету бойынша теориялық білім алып, практикалық дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар көшбасшылық, жауапкершілік, ұйымдастырушылық қабілет пен дене дайындығына ерекше мән беріледі.

Қазір колледж базасында әскери бөлімдерден келген сержанттардың кәсіби біліктілігін арттыру курстары да ұйымдастырылып келеді. Қарулы күштер түрлері, әскер тектері мен өңірлік қолбасшылықтардың сержанттары «бөлімше-взвод» деңгейінде білімдерін жетілдіріп, кәсіби тәжірибесін толықтыруға мүмкіндігі бар.

Оқу орны есігін айқара ашып, білім саласындағы қызметін бастағалы 4 000 мыңнан аса кәсіби сержант даярланып шықты. Бүгінде колледждің әрбір түлегі еліміздің әр өңіріндегі әскери бөлімдерде, Қарулы күштерде және басқа да әскери құралымдарда түрлі лауазымды қызметті абыроймен атқарып жүр. Былтырдан бастап колледж кадеттеріне «сержант» әскери атағын беру тәжірибесі енді, бұл да кәсіби сержанттарды даярлау жүйесіндегі жаңа кезеңді айқындай түсті.

Отыз жылдық тарихы бар Шоқан Уәлиханов атындағы Әскери колледж Қазақстанның кәсіби сержанттар корпусын қалыптастыруға елеулі үлес қосып келеді. Ал түлеп ұшқан мыңдаған маман колледж тарихы мен ел әскерінің қалыптасуының ажырамас бөлігі іспетті.

А.ЖӘНІБЕКҚЫЗЫ

Әсер ету скринингін қарау туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 55-бабының 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (бұдан әрі – ЭТРМ) стратегиялық экологиялық бағалауды жүргізу үшін келесі құжаттар (бұдан әрі – СЭБ материалдары) келіп түсті:

- «Қостанай облысы Қостанай қаласының бас жоспары. Түзету» жобасына түсіндірме жазба, оның негізгі бағыттары мен іске асыру мерзімдері туралы ақпарат;
- «Қостанай облысы Қостанай қаласының бас жоспары. Түзету» жобасына аумақ сипаттамасы және қоршаған ортаға ықтимал әсердің жалпы сипаттамасы.

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «Астана бас жоспары» ҒЗЖИ» ЖШС.

СЭБ материалдарының тапсырыс берушісі: «Қостанай қаласы әкімдігінің сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ.

СЭБ әзірлеуге жауапты: Қостанай қаласының әкімдігі.

СЭБ материалдары бойынша қорытынды беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын білдіруге шақырамыз:

- 1) Бас жоспарды іске асыру қоршаған ортаға елеулі әсер етуі мүмкін бе, егер иә болса, бұл қандай әсерлер және нәтижелер Сіз оларды елеулі деп санайсыз?
- 2) Бас жоспарды бекіткенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай ықпалдарды зерттеу қажет деп есептейсіз және неге?
- 3) скрининг материалдарында Құжатты іске асырудың қоршаған ортаға және халық денсаулығына тігізуді мүмкін елеулі әсерлері туралы Сізді қызықтыратын барлық ақпарат қамтылған ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?
- 4) Бас жоспарды іске асырудың қоршаған ортаға және халық денсаулығына тігізетін ықтимал әсерлеріне байланысты өзге де ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңыз бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2026-2040 жж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау рәсімін өткізу мерзімі: 2026 жылғы 7 қазанға дейін (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2026 жылғы 6 қазан)

Байланыс деректері:

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі

Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8

Экологиялық мәдениет және саясат департаменті

Тел. 8 (7172) 74-02-83

e-mail: b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz, n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде электрондық түрде Министрлік Кеңесінің эл. мекенжайына жіберуге болады: k.kense@ecogeo.gov.kz

Сіздің құжаттарыңыздың алынғандығы жөнінде кенседе +7 7172 74-08-44 телефоны арқылы міндетті түрде нақтылау қажет.

СЭБ бойынша материалдар орналастырылған:

Министрліктің сайтында («Қызмет» бөлімі – «Негізгі құжаттар» бөлімі – «Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі)

Қостанай қаласы әкімдігінің сайтында: gov.kz/memleket/entities/kostanai-kalasy-akimat/documents/1?activities=78045&lang=ru

SPORT STYLE

22 ҚЫРКҮЙЕК 2026 | СЕЙСЕНБІ

жақында жапонияның аичи префектурасы мен нагоя қаласында хх жазғы азия ойындарының шымылдығы түрілді. төрт жылда бір келетін құрлықтың басты додасы азияның таңдаулы спортшыларын тағы бір алаңға тоғыстырды. салтанатты ашылудан кейін-ақ жарыс жолына шыққан қазақстан құрамасы алғашқы күннен жүлде қорын молайтып, төрт алтын мен екі қола медаль еншіледі.

Азияда аламаны сәтті басталды

А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Биылғы Азия ойындарында құрлықтың 45 елінен 11 мыңға жуық атлет 469 медаль жиынтығын сарапқа салады. Сондай-ақ биыл алғаш рет босқындар командасы да жүлде үшін таласқа қосылды. Қазақстан да Аичи-Нагоя төріне үлкен құраммен аттанды. Ашылу салтанатындағы спортшылар шеруінде еліміздің көк Туын Париж Олимпиадасының чемпионы Елдос Сметов пен үстел теннисінен ұлттық құрама спортшысы Сарвиноз Миркадинова алып шықты. Салтанатты рәсім аяқталған соң бар назар жарыс алаңдарына ауды. Қазақстан құрамасы үшін алғашқы жарыс күндері сәтті басталып, көк Ту бірнеше мәрте биікке көтерілді.

АЛТЫНМЕН БАСТАЛҒАН АЛАМАН

Қазақстан қоржынына Аичи-Нагоядағы алғашқы алтынды тасжолдағы велоспорт шебері Рината Сұлтанова салды. Жекелей уақытқа жарыста ол 36 минут 23,72 секунд нәтиже көрсетіп, қарсыластарынан озып шықты. Қытайлық Чжан Хао екінші, Оңтүстік Корея өкілі Син Джиын үшінші орынға тұрақтады. Рината үшін Азия ойындарының тұғыры бөтен емес. Бұған дейін Ханчжоуда өткен құрлық додасында ол жеке стартта қола медаль иеленген еді. Арада үш жыл өткенде сол қоланы алтынға айырбастап, Қазақстанның Жапониядағы алғашқы чемпионы атанды.

Ринатаның жеңісті жолын тәжірибелі велошабандоз Алексей Луценко жалғастырды. Ол 32,1 шақырымдық жекелей жарысты 41 минут 24,05 секундта жүріп өтіп, қарсыластарынан айқын басым түсті. Жапониялық Шунсукэ Имамура күміс, моңғолиялық Сайнбаяр Джамбальямц қола жүлдені еншіледі. Бұл жеңіс Луценконың спорттық жолындағы тағы бір айтулы белес болды. 34 жастағы велошабандоз осымен Азия ойындарының бес дүркін чемпионы атанды. Бұған дейін 2014, 2018 және 2023 жылдардағы Азидаларда алтыннан алқа



таккан Алексей Жапония жерінде де жеңісті дәстүрінен жаңылмады. Веложолдағы жеңіс эстафетасын қаратәшілер жалғастырды. 55 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Жоламан Биғабыл атық бәсекеле Озбекстан өкілі Хумоюнмирзо Халимовпен кездесіп, 9:1 есебімен айқын жеңіске жетті. Бұған дейін жартылай финалда Индонезия спортшысы Мұхаммад Тегар Жануарды 6:1 есебімен ұтқан отандасымыз шешуші кездесуде де қарсыласына мүмкіндік бермей, Азия ойындарының чемпионы атанды. Көп ұзамай каратэ шебері Софья Берульцева да алтын қорын молайтты. +68 келі салмақтағы финалда қазақстандық спортшы Таиланд өкілі Маниаан Бутсуванды 8:0 есебімен ұтып, чемпиондық атағын қорғап қалды. Бұл — Софьяның Азия ойындарындағы



екінші алтын. Осылайша ол құрлық додасының екі дүркін чемпионы атанды.

ЖҮЛДЕЛІ ЖОЛ ЖАЛҒАСТЫ

Қазақстанның Аичи-Нагоядағы алғашқы медальдарының бірін триатлоншы Арлан Жаңабай жеңіп алды. Ол жарысты 53 минут 11 секундта аяқтап, жапониялық Такауми Ходжо мен қытайлық Чжан Сюжуйден кейін үшінші орынға тұрақтады.

Арлан биыл халықаралық жарыстарда тұрақты нәтиже көрсетіп жүр. Қытайдың Тайчжоу қаласында өткен Азия кубогының кезеңінде қола, Түркістандағы кезеңде күміс медаль иеленген спортшы енді Азия ойындарының жүлдегерлері қатарына қосылды. Тағы бір қола жүлдені қазіргі бессайыстан Қазақстан ерлер құрамасы еншіледі. Тихон Варехин, Темірлан Абдраимов және Лев Чувазов командалық есепте 4 647 ұпай жинап, үшінші орынға тұрақтады. Бұл сында Оңтүстік Корея құрамасы 4 779 ұпаймен жеңіске жетсе, Қытай спортшылары 4 768 ұпаймен екінші болды. Қазіргі бессайыста спортшылар семсерлесу, кедергілер жолағы, жүзу және лазер-ран кезеңдерінде бақ сынады. Осылайша, Азия ойындарының алғашқы жарыс күндері Қазақстан құрамасы үшін олжалы басталды. Әсіресе төрт алтынның қатар келуі ұлттық құраманың жалпы медаль бәсекесіндегі қарқынын үдете түсті.

Қазақстан қоржынына кезекті жүлде кеше қаратәден түсті. Әйелдер арасында 61 келіге дейінгі салмақта сынға түскен Әсел Канай Азия ойындарының күміс жүлдегері атанды. Финалда әлем чемпионатының қола жүлдегері Әсел Канай Токио Олимпиадасының қола жүлдегері, Азия ойындары мен Дүниежүзілік ойындардың жеңімпазы қытайлық Гон Лимен кездесті. Әлемдік деңгейдегі екі спортшы арасындағы тартысты жекпе-жекте Қытай өкілі 8:2 есебімен басым түсіп, алтын жүлдені иеленді. Осылайша, Әсел Қазақстан құрамасының қоржынына күміс медаль салды. Бұған дейін Әсел үш кездесу өткізіп, барлық қарсыласын айқын басымдықпен жеңген еді. Ол 1/8 финалда Бангладеш өкілі Актер Хумайра Антораны 9:1 есебімен жеңсе, ширек финалда моңғолиялық Маралжингоо Пуревжавтан 6:0 есебімен басым түсті. Ал жартылай финалда Камбоджа спортшысы Чакрия Ванды 3:0 есебімен ұтып, шешуші сынға жолдама алды.

БӘСТІГЕТІН СӘТ ӘЛІ АЛДА

Азия ойындарының алғашқы күндері Қазақстан үшін олжалы басталғанымен, ұлттық құрама үлкен үміт артып отырған бірқатар бәсеке әлі алда. Соның ішінде қазақ спортының дәстүрлі түрде медаль күтетін екі бағыты — бокс пен дзюдоға назар ерекше. Соңғы ірі халықаралық жарыстарда Қазақстан боксшылары Азиядағы ғана емес, әлемдегі жетекші құрамалардың бірі екенін байқатты. Әсіресе Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы бәсеке кейінгі жылдары шаршы алаңдағы басты тартыстардың біріне айналды. 2025 жылы Ливерпульде өткен World Boxing ұйымының әлем чемпионатында Қазақстан жеті алтын, бір күміс және екі қола медаль жеңіп алып, жалпыкомандалық есепте бірінші орынға шықса, Өзбекстан алты алтын, екі күміс және үш қола жүлдемен аяқтаған еді. Сондықтан Аичи-Нагоядағы бәсекеде де екі құраманың нәтижесіне назар аударылады.

Бұл жолы Қазақстан Азия ойындарына тәжірибелі боксшылардан құралған негізгі құрамын алып келді. Спорт сарапшысы Айдос Рымқұлдың айтуынша, ұлттық құраманың дәл қазір жоғары нәтиже көрсетуге мүмкіндігі жеткілікті. Дегенмен ол Азиядағы бәсекенің оңай болмайтынын да айтады.

— Негізгі, құрам біркелкі жасақталған. Қазақстан Азия ойындарында жалпы есепте топ жаруды көздеп отырғаны анық. Ал көршілеріміз, әсіресе Өзбекстан, керісінше, 2028 жылғы Олимпиадаға көбірек назар аударып, құрамын жастармен толықтырып жатыр. Бізде дәл қазір нәтиже көрсете алатын тәжірибелі боксшылар жеткілікті. Дегенмен осы құрамдағы кейбір спортшылардың 2028 жылғы Олимпиададағы мүмкіндігі қандай болатыны сұрақ тудырады, — дейді Айдос Рымқұл.

Сарапшы ерлер мен әйелдер құрамасын қоса есептегенде, қазақстандық боксшылардан бес алтын медаль күтетінін жеткізді. Яғни Аичи-



Нагоядағы сын тек бүгінгі нәтижені көрсеткіші емес, Лос-Анджелес Олимпиадасына дейінгі мүмкіндікті бағамдайтын маңызды белестердің бірі болмақ. Дзюдодағы бәсекенің де салмағы бөлек. Қазақстан бұл спортта Олимпиада, әлем және Азия додаларында жүлде алып жүрген тәжірибелі спортшыларға арқа сүйейді. Оның үстіне, Азия дзюдосында Жапония, Оңтүстік Корея, Моңғолия, Қытай және Қытай Тайбэйі секілді мықты құрамалар бар. Сондықтан әр салмақта жүлдеге жетер жолдың жеңіл болмайтыны анық.

Қазақстандық дзюдошылар үшін Аичи-Нагоя додасының тағы бір ерекшелігі — жарыстың дзюдонның отаны саналатын Жапонияда өтуі. Азияның үздік балуандары жиналған татамиде әр белдесу жоғары деңгейдегі тартысқа ұласуы мүмкін. Ұлттық құраманың қатарында бұған дейін Азия ойындарының, әлем чемпионаттары мен Олимпиаданың жүлдесін иеленген тәжірибелі спортшылардың болуы елдің үмітін еселей түседі.

Алда бокс рингі мен дзюдо татаминдегі тартыс, одан бөлек Қазақстан жүлде күтетін өзге де спорт түрлерінің шешуші сындары тұр. Аичи-Нагоядағы аламан енді ғана қыза бастады.



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баияр ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕКҚЫЗЫ –
Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4792

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,